

2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 тамыздағы № 252 қаулысы

"Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2025-2026 оқу жылына жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

М.Сұлтанғазиев

Алматы облысы әкімдігінің 2025
жылғы "___" _____ № _____
қаулысына қосымша

Р/к №	Резиден-тура мерзімі	Түсетін жылы	Резидентура мамандығы	Грант саны
1	3 жыл	2025	Ересектер, балалар акушер және гинекологиясы	3
2	3 жыл	2025	Ересектер, балалар анестезиология ж ә н е реаниматологиясы	2
3	3 жыл	2025	Балалар хирургиясы	2
4	2 жыл	2025	Ересектер, балалар гастроэнтерологиясы	3
5	2 жыл	2025	Ересектер гематологиясы	2
6	2 жыл	2025	Ересектер, балалар дерматовенерологиясы	2
7	3 жыл	2025	Жалпы хирургия	2

8	3 жыл	2025	Ересектер, балалар жақ-бет хирургиясы	3
9	2 жыл	2025	Ересектер, балалар жұқпалы аурулары	3
10	2 жыл	2025	Клиникалық фармакология	2
11	2 жыл	2025	Медициналық генетика	2
12	2 жыл	2025	Ересектер, балалар неврологиясы	2
13	2 жыл	2025	Ересектер, балалар нефрологиясы	1
14	2 жыл	2025	Ересектер онкологиясы	2
15	2 жыл	2025	Балалар онкологиясы мен гематологиясы	2
16	2 жыл	2025	Химиотерапиялық онкология	1
17	3 жыл	2025	Ересектер, балалар оториноларинголог иясы	1
18	3 жыл	2025	Ересектер, балалар офтальмологиясы	1
19	2 жыл	2025	Патологиялық анатомия	2
20	2 жыл	2025	Педиатрия	1
21	2 жыл	2025	Ересектер, балалар психиатриясы	5
22	2 жыл	2025	Ересектер, балалар пульмонологиясы	3
23	2 жыл	2025	Ересектер, балалар фтизиатриясы	4
24	3 жыл	2025	Ересектер, балалар шұғыл медицинасы	2
25	2 жыл	2025	Ересектер, балалар эндокринологиясы	2
			Барлығы	55